

Экономикалық құқық бұзушылық саласындағы заңға қайшы қызметке байланысты жеке және заңды тұлғалардың тізіліміне енгізу қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Қаржылық мониторинг агенттігі Төрағасының 2026 жылғы 5 мамырдағы № 9 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2026 жылғы 5 мамырда № 38666 болып тіркелді

"Құқық бұзушылық профилактикасы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 76-бабы 6-тармағына сәйкес, БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Экономикалық құқық бұзушылық саласындағы заңға қайшы қызметке байланысты жеке және заңды тұлғалардың тізіліміне енгізу қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржылық мониторинг агенттігінің Превенция және талдау әзірлемелері департаменті белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты оны ресми түрде жариялағаннан кейін Қазақстан Республикасы Қаржылық мониторинг агенттігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Қаржылық мониторинг агенттігі Төрағасының жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы
Қаржылық мониторинг агенттігінің төрағасы*

Ж. Элиманов

от 5 мая 2026 года
№ 9 бұйрығымен бекітілген

Экономикалық құқық бұзушылық саласындағы заңға қайшы қызметке байланысты жеке және заңды тұлғалардың тізіліміне енгізу қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Экономикалық құқық бұзушылық саласындағы заңға қайшы қызметке байланысты жеке және заңды тұлғалардың тізіліміне енгізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Құқық бұзушылық профилактикасы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 76-бабының 6-тармағына сәйкес әзірленген және экономикалық құқық бұзушылық саласындағы заңға қайшы қызметке байланысты жеке және заңды тұлғалардың тізіліміне енгізу тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) экономикалық құқық бұзушылық саласындағы заңға қайшы қызметке байланысты тұлғалар – экономикалық қызмет саласындағы құқық бұзушылықты жасағаны үшін кінәсі заңды күшіне енген соттың айыптау үкімімен белгіленген жеке немесе заңды тұлғалар (коммерциялық немесе коммерциялық емес ұйымның басшысы және өзге де қызметкері), сондай-ақ экономикалық құқық бұзушылықтарды жасау үшін пайдаланылған заңды тұлғалар;

2) экономикалық құқық бұзушылық саласындағы заңға қайшы қызметке байланысты жеке және заңды тұлғалардың тізілімі – экономикалық құқық бұзушылық саласындағы заңға қайшы қызметке байланысты жеке және заңды тұлғалар туралы мәліметтерді сақтау және есепке алу үшін арналған тізім.

3. Экономикалық құқық бұзушылық саласындағы заңға қайшы қызметке байланысты жеке және заңды тұлғалардың тізілімі (бұдан әрі – Тізілім) профилактика жасау және экономикалық құқық бұзушылық саласында орын алған тәуекелдер мен қатерлер туралы қоғам мен кәсіпкерлік субъектілеріне хабар беру үшін пайдаланылады.

2-тарау. Экономикалық құқық бұзушылық саласындағы заңға қайшы қызметке байланысты жеке және заңды тұлғалардың тізіліміне енгізу тәртібі

4. Тізілімге енгізу Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде көзделген экономикалық қызмет саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтар бойынша заңды күшіне енген соттың айыптау үкімі негізінде жүзеге асырылады.

5. Тізілімге экономикалық қызмет саласындағы тергеп-тексеруді Қазақстан Республикасының экономикалық тергеп-тексеру қызметі және ішкі істер органдары жүргізген қылмыстық құқық бұзушылықтар бойынша жеке және заңды тұлғалар туралы мәліметтер енгізіледі.

6. Тізілімдегі мәліметтер экономикалық тергеп-тексеру қызметінің ведомстволық интернет-ресурсында жарияланады.

7. Тізілімге мынадай мәліметтер енгізілуге тиіс: экономикалық құқық бұзушылық саласындағы заңға қайшы қызметке байланысты тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), туған күні, айы, жылы, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің бабы, сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асырған органның атауы.

Заңды тұлғаны құқыққа қайшы әрекеттер жасау мақсатында және заңсыз қызмет құралы ретінде пайдаланған жағдайларда: заңды тұлғаның атауы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі.

Қаржы пирамиданы құрумен және (немесе) басқарумен байланысты қылмыстар бойынша жоба атауы да көрсетілуге тиіс.

8. Тізілімді жүзеге асырылатын қызметтің ерекшелігін ескере отырып, экономикалық тергеп-тексеру қызметінің жауапты бөлімшесі жүргізеді.

9. Тізілімді экономикалық тергеп-тексеру қызметінің құрылымдық бөлімшесінің басшысы бекітеді және тоқсан сайын жаңартылады.

10. Тізілімнен шығару негіздері:

- 1) Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 79-бабына сәйкес соттылықтың алынуы немесе өтелуі;
- 2) жеке тұлғаның қайтыс болуы немесе әрекетке қабілетсіз деп танылуы;
- 3) Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексіне сәйкес қабылданған заңды тұлғаны тарату туралы заңды күшіне енген сот шешімі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК